

**Д.ТӨЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ
БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ
ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 24.10.2024ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Т.Идркенова
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж.Карабалина
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – І.Айсина
4. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы – А.Мұқашева
5. Мектеп медбикесі - А.Каженова
6. Шаруашылық меңгерушісі – О.Тарабрина
7. Әлеуметтік педагог- М.Тулешова

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы.

Тыңдалды: Мектеп директоры Т.Идркенова - Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.

Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру мақсатында әкімшілік кезекшілік кестесі құрылған. Күнделікті кезекші әкімші, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог мектеп асханасын тексереді және төмендегі міндеттерді атқарады:

- ✓ Асханада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау;
- ✓ Тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушыларды түгендеу;
- ✓ Тамақ сапасын бақылау;

Тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығы және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішінде сақталатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын жерлер мен

тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, дегенмен сертификаттары толық емес екендігі анықталды. Сертификаттардың толық болуын жеке кәсіпкерден талап етілді. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған жердің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асханадан оқушы денсаулығына қауіпті заттардың сатылмауын қатаң түрде сақтау туралы ескерту айтылды. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

1. Әлеуметтік педагог М.Тулешова Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі бақылап, тексеріп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің диетологы күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асхана залында ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Шешімі:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру әрі қарай жалғассын.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануы бақылауға алынсын.

Қатысушылар:

Мектеп директоры:
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Мектеп медбикесі:
Әлеуметтік педагог:
Шаруашылық меңгерушісі:
Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы:



Т.Идркенова

Ж.Карабалина
І.Айсина
А.Каженова
М.Тулешова
О.Тарабрина
А.Мұқашева